



орайда зерттеуші облыстық «Рудный Алтай» газетінің тұңғыш нөмірін тауып, 1918 жылы 10 сәуірде шыққандығын анықтады.

Өңірлік жастарға арналған БАҚ нарығын, ақпараттық саясатын зерделеп, жастарды тәрбиелеу функциясына жете мән берген зерттеулері өз алдына бір төбе. Ғалым еңбектерінен жаңсақ, жалаң пікірді кездестірмейсіз. Қандай дерек келтірсе де, дәйектеп, дәлелдеп отыруы зерттеулерінің сапалы. толыққанды екендігін көрсетеді.

Көркем әдеби тілі мен мол тәжірибесі арқылы өмірдің мәнді, мағыналы кезеңдері мен әдеби көркем тілді қабыстырған эссе жанрына қалам тербей отырып, С. Қозыбаев тағылымға толы өткен шақтың құндылықтарын асқан шеберлікпен баяндайды. Еркін, ешкімге тәуелсіз пікірі, жан-жақты ой-толғауы, түпнұсқалығы, белгілі бір кезеңге, оқиғаға, тұлғаға баға беріп, қорытынды жасауы, деректің мәнді, мағыналы тұстарына оқырманның назарын баса аудару автордың тағы бір шеберлік қырын танытады. Автордың 600-ге жуық ғылыми және публицистикалық мақалалары, эсселері бар.

С. Қозыбаев Қазақстан журналистикасы туралы жазылған ғылыми еңбектерді қалт жібермей, ойынан шыққан зерттеулерге пікір қосып, ғалымдардың жаңа буынына ағалық ізгі ниетін білдіріп отырады. «Егемендіктің елең-алаңын көрген, өтпелі кезеңдердің қиындықтарына куә болған, ғылымға да тәуелсіздіктің таңымен бірге қосылған ғалымдардың жаңа буыны бар екенін естен шығармаған жөн. Отандық ғылымның жаңа парақтарын жасайтын да, ұлттық ізденістердің шежіресін түгелдейтін де осылар», - деп қазақ журналистикасына қосылған іргелі зерттеулердің теориялық және практикалық құндылықтарын қуана қолдауы ұстаздық етуден жалықпаған тұлғаның адамгершілік биік парасатынан хабар береді.

«Гордое имя – журналист», «Когда болит душа...», «Времен и судеб властитель...», «Свет Звезды. Элита отечественной журналистики» т.б. авторлық сериялары мен қазақстандық бұқаралық ақпарат құралдарының шежіресі іспетті сүбелі, қызықты еңбектері құнды, маңызды мәселелерді жан-жақты және ауқымды қозғайды: БАҚ-тың қоғамдағы орны, саяси үдерістерге ықпалы, ұстанымы, менеджменті т.б. Журналистік шеберлік мектептерін жастарға үлгі етіп ұсынады. Дәстүр сабақтастығын жоғары бағалайды.

Өмірлік тәжірибе араға жылдар салып қалыптасады. С. Қозыбаевтың ғылыми мектебі жас ғалымдар мен журналистерге жол сілтейтін бағдаршам бола беретіні анық.

**К. Қабылғазина,**  
ф.ғ.к., доцент.

әл-Фараби атындағы ҚазҰУ

## ТАҒЫЛЫМДЫ ТҮЛҒА

Кейде күнделікті күйбең тірлікпен жүріп, қатарында жаны сұлу, ойы озық, парасатты адамдардың бар екенін аңдамай өтіп кететін кездер болады. Алайда, осы құмырсқа тірліктен бір сәт қол үзіп, адамшылық тұғырынан қарар сәттер қара көрсетсе ләзім. Сондайда жақсы адамдардың жанында жүргеніңе өзіңді бақытты сезінерің хақ. Сол азаматтардың бірегейі – ҚазҰУ-де көп жылдар кафедра меңгерушісі болған, ҚР саясаттану ғылымдар Академиясының, Ресей телевизия Академиясының академигі, ТМД ЖОО-ның Құрметті профессоры, Қазақстан журналистер Академиясының президенті, тарих ғылымдарының докторы, профессор Сағымбай Қозыбаев.

Қазақстандық БАҚ-тың дамуына да орасан үлес қосып жүрген ғалымдардың бірі де осы азамат. Журналистика теориясына, тарихына қатысты мақалалардан басқа толымды, сүбелі жинақтарының, оқу құралдарының өзі бір төбе. Жылына төрт-бес кітап шығарып жататын ғалымның қажырлы, қайратты еңбегіне таң қалмасқа шараң жоқ. Күнделікті шығып жатқан ақпарат құралдарының ауаны аңдап, талдау жасап, пікір айтып, өз ойын үнемі білдіріп отыратын, ел үшін еңбек етіп, халқы үшін қам жейтін қайраткер ретінде де танылған танымал тұлға. «Мемлекет үшін ұлттық журналистика бірінші қатарда тұру керек» дейтін ғалым қазақ журналистикасының атқарып отырған қызметін жоғары бағалап, «Алдағы 20 жылда қазақстандық БАҚ өзінің төртінші билік функциясын толық атқаратын болады» деген сенім артады. «Журналистиканың тілімен қоғамды емдеуге де, өлтіруге де болады» деп журналистік мамандықтың қоғамдағы қуатты күшке айналып отырғандығын өз шәкірттеріне үнемі айтып, құрметті мамандық иелері екендіктеріне де ынталандырып отыратын ұлағатты ұстаз.

Сағымбай Қозыбаев өз өңіріне танымал, ғибратты отбасынан шыққан. Сәкең бойындағы асыл қасиеттердің бәрі «әке көрген – оқ жонар» дегендей, Қостанай облысының Мендіқара ауданында

## МАЗМУНЫ

<b>КЕНЖАЛИН Ж. ӘУЛЕТ ДАҢҚЫН ӘСПЕТТЕГЕН АЗАМАТ</b> .....	7
<b>БЕКНИЯЗОВ Т. ҰЛАҒАТТЫ ҰСТАЗ СӘКЕҢ</b> .....	8
<b>СҰЛТАНБАЕВА Г. ГУМАНИСТ ПРОФЕССОР</b> .....	10
<b>ШЫҢҒЫСОВА Н. ЖУРНАЛИСТ БОЛЫП ТУҒАН ТҮЛҒА</b> .....	11
<b>ҚАБЫЛҒАЗИНА К. ТАҒЫЛЫМДЫ ТҮЛҒА</b> .....	12
<b>АҒЫБАЕВ Қ. ЕРЛІК ТУРАЛЫ ДАСТАН</b> .....	15
<b>ҚҰРМАНБАЕВА А. ЖУРНАЛИСТЕР ТӘЛІМГЕРІ ӘРДАЙЫМ БІПКТЕ</b> .....	18
<b>СӘБИТОВ Н. ЖУРНАЛИСТІҢ ЖЫЛЫ ЖҮРЕГІ</b> .....	21
<b>ОРЫНБАСАРҰЛЫ С. АҚЫЛДЫ МЕМЛЕКЕТТІҢ ӨЗ АҚПАРАТ МИНИСТРЛІГІ</b> <b>БОЛУЫ ТИІС</b> .....	22
<b>ӘЛ–ХАЛЕЛ ҚАРПЫҚ. САҒЫМБАЙ ШЫҚҚАН ШЫҢ,</b> <b>ҚОЗЫБАЕВ АСҚАН БЕЛЕС</b> .....	26
<b>КӨКЕНОВ С. ҚАЗАҚТІЛДІ БАҚ КЕЗ КЕЛГЕН ТАҚЫРЫПҚА БАРА БЕРЕТІН</b> <b>ӘМБЕБАП СИПАТҚА ИЕ БОЛЫП КЕЛЕДІ</b> .....	28
<b>ҚАБЫЛҒАЗИНА К. ЖУРНАЛИСТИКА ҒЫЛЫМЫНЫҢ ЗОР ҮЛЕСКЕРІ</b> .....	31
<b>УАНАСОВА Д. ЖУРНАЛИСТ ИМИДЖІ ӨЗ ЕҢБЕГІМЕН ҚАЛЫПТАСАДЫ</b> .....	33
<b>МУХАТАЕВА К. МЕРЗІМДІ БАСЫЛЫМДАР ЖӘНЕ ISSN АҚПАРАТТАР ЖҮЙЕСІ</b> .....	34
<b>ОШАНОВА О. ТЕЛЕЖАРНАМАНЫҢ БАЛАЛАРҒА БІҚПАЛЫ ЖӘНЕ ОЛАРДЫҢ</b> <b>ҚҰҚЫҒЫН ЗАҢМЕН ҚОРҒАУ</b> .....	38
<b>ӘБДИЕВА Р. КІТАП ИНТЕРПРЕТАЦИЯЛАРЫНЫҢ ҚҰРЫЛЫМДАРЫН</b> <b>АЙҚЫНДАУ</b> .....	41
<b>ТОҚСАНБАЕВА Н. ОҚЫТУДЫҢ жаңа ТЕХНОЛОГИЯЛАРЫН МЕҢГЕРУ –</b> <b>ҚҰЗІРЕТТІЛІКТІ ДАМУДАҒЫНЫҢ НЕГІЗІ</b> .....	44
<b>ХӘКІМОВА Т. ЖУРНАЛИСТ МАМАНДАРЫН ДАЯРЛАУДА ЭЛЕКТРОНДЫҚ</b> <b>САНДЫҚ ҚОЛ ҚОЮ ТЕХНОЛОГИЯСЫНЫҢ РӨЛІ</b> .....	47
<b>ӨЗБЕКОВА Г. КІСІЛІК ПЕН КІШІЛІК ИЕСІ</b> .....	50
<b>МЕРГЕНБАЕВА Қ. ЗЕРТХАНАЛЫҚ ЖҰМЫСТАРҒА ӘДІСТЕМЕЛІК НҰСҚАУЛАР</b> .....	51
<b>РУШАНОВА Н. ЭКРАН МӘДЕНИЕТІ</b> .....	52
<b>ӘЛПҚОЖА Б. ПЛАТОН, АРИСТОТЕЛЬ, ӘЛ-ФАРАБИ ТРАКТАТТАРЫНДАҒЫ</b> <b>ГАММАЛЫҚ МӘТІНДЕР</b> .....	54
<b>ҚЫДЫРМАНОВА С. «ӨЗІН – ӨЗІ ТАҢУ» ПӘНІН ОҚЫТУДЫҢ ЕРЕКШЕЛІКТЕРІ</b> .....	61
<b>МАЛДЫБЕКОВА Г. М. ӘУЕЗОВ ӨМІРІ МЕН ШЫҒАРМАШЫЛЫҒЫ /«Көксерек»</b> <b>әңгімесінің тақырыбы мен идеясы/</b> .....	63
<b>ӨЗБЕКОВА Г. САТИРА ТУРАЛЫ</b> .....	69
<b>БАЛТИЕВА Х., ГУЛАМОВА М. ТҮРІК ХАЛЫҚТАРЫНЫҢ ТІЛДЕРІНДЕГІ</b> <b>ТІЛ МӘДЕНИЕТІ ЖӘНЕ ҰҚСАСТЫҚТАРЫ МЕН АЙЫРМАШЫЛЫҚТАРЫ</b> .....	72
<b>АЛҚАМОВА Г. ИНТЕРАКТИВТІ ОҚЫТУ ТЕХНОЛОГИЯСЫНЫҢ</b> <b>ӘДІС-ТӘСІЛДЕРІН БИОЛОГИЯ САБАҒЫНДА ҚОЛДАНУ АРҚЫЛЫ</b> <b>ОҚУШЫЛАРДЫҢ БІЛІМ САПАСЫН АРТТЫРУ ЖОЛДАРЫ</b> .....	75
<b>ЧЕКЕТАЕВА Р., ОРАЗБАЕВА А. ҚҰМАШ НҰРҒАЛИЕВ - ҚАЗАҚСТАН МЕКТЕБІН</b> <b>АҚПАРАТТАНДЫРУШЫ, ЖАҒАШЫЛДЫҚТЫҢ ЖАРШЫСЫ</b> .....	78
<b>ҚҰРМАНАЛИНА Н. ИНТЕРНЕТ АҚПАРАТТЫҢ ТАРИХИ ДЕРЕК КӨЗІ РЕТІНДЕГІ</b> <b>МАҢЫЗДЫЛЫҒЫ</b> .....	79
<b>ӘЛБАТЫРҰЛЫ І. ТАРИХЫМЫЗДЫ ТАҢУДА ЖАС БУЫННЫҢ ҮЛЕСІ ҚАНДАЙ?</b> .....	82
<b>ДАРХАНБАЕВА М. СПОРТТАҒЫ PR: ОРНЫ МЕН РӨЛІ</b> .....	84
<b>ТОҚШЫЛЫҚОВА А. ҚАЗАҚ БАСПАСӨЗІНДЕГІ ДІН МӘСЕЛЕСІНІҢ</b> <b>ЖАЗЫЛУЫ</b> .....	90
<b>ФАЙЗОЛЛА А. ҰЛТТЫҚ ТЕКТІЛІК ЖАЙЫНДА БІРЕР СЫР</b> .....	92
<b>ЛЕСКЕНҚЫЗЫ К. «АЛМАТЫКІТАП» БАСПАСЫ ТУРАЛЫ НЕ БІЛЕМІЗ?</b> .....	93